

Ядролық материалдарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезіндегі апаттың зардаптарын жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыру туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

БҰЙРЫҚ Қазақстан Республикасы атом энергетикасы жөніндегі комитеті 2000 жылғы 17 қаңтар N 1 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативті актілерді тіркеу бөлімі Құқықтық сараптау 2000 жылғы 17 ақпанда тіркелді N 1060. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Атом энергетикасы комитеті төрағасының 2009 жылғы 9 шілдедегі N 36 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Атом энергетикасы комитеті төрағасының 2009.07.09 N 36 бұйрығымен.

Халық пен қоршаған ортаның радиациялы және ядролық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ядролық материалдарды тасымалдау барысында мүдделі мемлекеттік органдар мен кәсіпорындардың апатқа дайындығын қамтамасыз ету мақсаттарында Қазақстан Республикасының "Атом энергиясын қолдану" туралы, "Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы" заңдарына сәйкес және жоғарыда аталған заңдармен өкілеттік берілген құқықтар негізінде, атом энергиясын пайдалану бойынша өкілетті мемлекеттік орган ретіндегі Қазақстан Республикасының энергетика, индустрия және сауда Министрлігі атом энергетикасы жөніндегі Комитетіне БҰЙЫРАМЫН:

1. Ядролық материалдарды автомобиль көлігімен тасымалдау барысында болған апаттарды жою бойынша жұмыстарын ұйымдастыру Ережелерін бекітіліп, күшке енгізілсін, ПЛААТ-99. 2. Жүк алушылардың және тасымалдаушы кәсіпорындарының, жұмыстарды ұйымдастыруға және ядролық материалдарды автомобиль көлігімен тасымалдағанда апаттардың зардаптарын жою бойынша қызметкерлердің іс-әрекеттеріне қатысты қазіргі нұсқаулары, ережелері және басқа жетекші құжаттары осы Ережемен сәйкеске келтірілуі керек. Төраға РҚАО-ның ескертуі: "Қызмет бабында пайдалану үшін" грифімен берілген ереже Деректер базасына енгізілмейді.

